

Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне өзгеріс енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2022 жылғы 27 мамырдағы № 10 шешімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті:**

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысы регламентінің III бөлімінің 3-кіші бөлімі мынадай мазмұндағы 59¹-тармақпен толықтырылсын:

"59¹. Мүше мемлекеттің Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мемлекеттік билік органының Алқа отырыстарын трансляциялауға қол жеткізуге құқығы бар.

Алқа отырысының таратылуы шектелген ақпаратты қамтитын мәселелер қаралатын бөлігі трансляциялауға жатпайды.

Трансляцияны жүргізу тәртібін Алқа Төрағасы бекітеді."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан